

Екінші деңгейдегі банктердің ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелері жөнінде ақпарат беру нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 20 желтоқсан N 543. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1745. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 17 маусымдағы N 134 қаулысымен.

Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 17 маусымдағы N 134 қаулысымен .

Банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің депозиторларының мүддесін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Осы қаулының қосымшасына сай "Екінші деңгейдегі банктердің ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелері жөнінде ақпарат" нысаны бекітілсін .

Ескерту: Атауында және 1-тармақта "мәмілелері бойынша" деген сөздер " мәмілелері жөнінде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 37 қаулысымен .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Банктер қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға осы қаулының қосымшасына сай нысан бойынша олармен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен өзінің мәмілелері жөніндегі ақпаратты электрондық түрде ай сайын, есеп берілетін айдан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей ұсынады деп белгіленсін.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 37 қаулысымен , 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 129 қаулысымен .

4. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден
өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі
б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 желтоқсандағы
N 543 қаулысына

қосымша

*Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын
және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
басқармасы Төрағасының 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 129 қаулысымен .*

_____банкпен ерекше қатынастармен
(б а н к т і ң а т а у ы)
байланысты тұлғалармен
200__ жылғы «__» _____ бастап
200__ жылғы "___" _____дейінгі
**есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті
күнгі жағдай бойынша қолданыстағы мәмілелері**

туралы ақпарат

N	Тұлғаның атауы (а т ы - ж ө н і)	Осыған сәйкес тұлға банкпен ерекше қатынас-пен байланысты тұлғаларға жатқызылатын белгісі	Валюта түрі	Сомасы (мың теңгемен)	Шарттың жасалған күні (талаптарды орындаудың басталу күні)	Ш а р т қолданылуының аяқталу күні (талаптарды орындаудың аяқталу күні)
1	2	3	4	5	6	7
Заемдарды беру						

	Жиынтығы					
Депозитті орналастыру және қабылдау немесе заем алу						
	Жиынтығы					
Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар шығарған қаржы құралдарын сатып алу және кепілге алу						
	Жиынтығы					
Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардан қаржы құралдарын сатып алу (сату), оның ішінде оларды кері сату (сатып алу) талаптарымен (банкке қарсы агентті анықтауға жол бермейтін әдістермен ұйымдасқан рынокта жасалған мәмілелерді қоспағанда)						
	Жиынтығы					
Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардан мүлікті сатып алу (сату) және кепілге алу						
	Жиынтығы					
Банктің жоғарыда көрсетілген операцияларды жүзеге асыру жөніндегі болашақ міндеттемесі не банктің банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін қаражаттық немесе ортақ жауапкершілігі						
	Жиынтығы					
Жоғарыда көрсетілген операцияларды қоспағанда, банктің және банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың арасындағы мүлікке меншік құқығының өтуі						
	Жиынтығы					
Өзге мәміле түрлері						

	Жиынтығы					
	Барлығы					

таблицаның жалғасы:

Шарттың талаптары бойынша қамтамасыз ету түрі		Төленетін сыйақы (жылдық процентпен)			Банктің Директорлар кеңесі шешімінің (Директорлар кеңесі болмаған жағдайда) акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің деректемелері	Ескерту
		Банктің пайда-сына банкпен ерекше қатынаспен байланысты тұлға	Банкпен ерекше қатынаспен байланысты тұлғаның пайда-сына банк	Банктің ішкі құжаттарына сәйкес		
8	9	10	11	12	13	14

Банктің банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы, банктің онымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен операциялардың әрбір түрі бойынша сомасы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1902 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына сәйкес есептелетін меншікті капиталы мөлшерінің 0,1 процентінен аспайтын 200_ жылғы __»_____ жағдай бойынша _____ болады.

Банк есепті кезеңде банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға жеңілдік шарттары берілмегендігін және осы Ақпаратты көрсетілгенінен басқа, банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен басқа мәмілелерді банк жүзеге асырмағандығын растайды.

Кестені толтыру жөніндегі нұсқамалар: кестеде банктің онымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған, банктің онымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен операциялардың әрбір түрі бойынша сомасы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1902 тіркелген, Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына сәйкес есептелетін меншікті капиталы мөлшерінің 0,1 процентінен асатын 200_ жылғы " __ "» _____ жағдай бойынша _____ барлық мәмілелер туралы мәліметтер, оның ішінде кестеде көрсетілген мәмілелер туралы мәліметтер көрсетіледі (бірақ олармен шектелмей).

Банк осы Ақпаратқа мынадай нысан бойынша «200_ жылғы " __ "» _____ жағдай бойынша банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімін» қоса береді:

N	Тұлғаның атауы (аты-жөні)	Осыған сәйкес тұлға банкпен ерекше қатынаспен байланысты тұлғаларға жатқызылатын белгісі
1	2	3

Басқарма Төрағасы _____ Бас бухгалтер _____
 Орындаушы _____ Ішкі аудит қызметінің басшысы _____

Мөр орны: